

# **9,11-сынып оқушыларын қорытынды аттестаттау**

**Қорытынды аттестаттау** – бұл оқушылардың белгілі бір білім деңгейін (негізгі орта немесе жалпы орта білім) меңгеру дәрежесін тексеру мақсатында өткізілетін мемлекеттік емтихандар **ЖИЫНТЫҒЫ.**

## **1. 9-сыныпты бітірушілер үшін (негізгі орта білім)**

**9-сыныпты аяқтаған соң оқушылар оқуын әрі қарай мектепте (10-11-сынып) жалғастыруға немесе колледжге түсуге құқық беретін аттестат алу үшін тапсыратын емтихандар.**

**Пәндер саны: 4 пән.**

**Міндетті пәндер:** ана тілі (қазақ тілі), математика (алгебра), орыс тілі мен әдебиеті.

**Таңдау пәні:** оқушының қалауы бойынша бір пән (физика, химия, биология, география, геометрия, Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, қазақ әдебиеті, ағылшын тілі, информатика)

## **2. 11-сыныпты бітірушілер үшін (жалпы орта білім)**

**11-сыныпты бітіргенде жалпы орта білім туралы аттестат алу үшін тапсыратын мемлекеттік бітіру емтихандары.**

**Пәндер саны: 5 пән.**

**Міндетті пәндер:** ана тілі (жазбаша эссе), алгебра және анализ бастамалары (жазбаша), Қазақстан тарихы (ауызша), орыс тілі мен әдебиеті.

**Таңдау пәні:** бейіндік бағытына қарай таңдалған пән (физика, химия, биология, география, геометрия, дүниежүзі тарихы, құқық негіздері, қазақ әдебиеті, ағылшын тілі, информатика).

**Қорытынды аттестаттаудың мынадай мерзімдері бекітілді:**

**9-сынып оқушылары үшін қорытынды бітіру емтихандары – 2026 жылғы 29 мамырдан бастап 11 маусым аралығында;**

**11-сынып оқушылары үшін мемлекеттік бітіру емтихандары – 2026 жылғы 2-15 маусым аралығында.**

# 9-сынып оқушылары үшін қорытынды бітіру емтихандары

<b>Пәні</b>	<b>Емтихан тапсыру түрі</b>	<b>Күні</b>
<b>математика (алгебра) 3 астрономиялық сағат</b>	<b>жазбаша</b>	<b>29 мамыр</b>
<b>таңдау пәні</b>	<b>жазбаша</b>	<b>3 маусым 2026 жыл</b>
<b>қазақ тілі 2 астрономиялық сағат</b>	<b>жазбаша (эссе)</b>	<b>8 маусым 2026 жыл</b>
<b>орыс тілі мен әдебиеті</b>	<b>жазбаша емтихан</b>	<b>11 маусым 2026 жыл</b>

# 11-сынып оқушылары үшін қорытынды бітіру емтихандары

<b>Пәні</b>	<b>Емтихан тапсыру түрі</b>	<b>Күні</b>
<b>Қазақстан тарихы</b>	<b>ауызша</b>	<b>2 маусым 2026 жыл</b>
<b>Алгебра және анализ бастамалары 5 астрономиялық сағат</b>	<b>жазбаша</b>	<b>5 маусым 2026 жыл</b>
<b>қазақ тілі 3 астрономиялық сағат</b>	<b>жазбаша</b>	<b>9 маусым 2026 жыл</b>
<b>таңдау пәні</b>	<b>жазбаша</b>	<b>12 маусым 2026 жыл</b>
<b>орыс тілі мен әдебиеті</b>	<b>жазбаша емтихан</b>	<b>15 маусым 2026 жыл</b>

**9 және 11-сыныптардың білім алушылары қорытынды аттестаттаудан білім басқармалары басшыларының бұйрықтарымен мынадай жағдайларда босатылады:**

- 1) денсаулық жағдайына байланысты;**
- 2) бірінші және екінші топтағы мүгедектігі бар адамдар, оның ішінде бала кезінен мүгедектігі бар адамдар, мүгедектігі бар балалар;**
- 3) халықаралық олимпиадаларға (жарыстарға) қатысу үшін Қазақстан Республикасының құрама командасына үміткерлер болып табылатын жазғы оқу-жаттығу жиындарына қатысушылар;**
- 4) жақын туыстарының қайтыс болуы.**

**Қорытынды аттестаттаудан босатылған білім алушылардың қорытынды бағасы ағымдағы оқу жылының жылдық бағасы негізінде қойылады.**

**Қорытынды аттестаттау кезеңінде ауырып қалған 9 және 11-сыныптардың білім алушылары сауыққаннан кейін өткізіп алған емтихандарды тапсырады.**